

школьного возраста на основе использования цифровых образовательных ресурсов. Зная особенности развития детей в этот период, грамотный педагог может добиться высоких результатов.

Литература:

1. Загашев И.О., Заир-Бек, С.И. Критическое мышление: технология развития / И.О. Загашев, С.И. Заир-Бек. – СПб.: Альянс-Дельта, 2003. - 284 с.
2. Загашев И.О., Заир-Бек, С. И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически / И.О. Загашев, С.И. Заир-Бек, И.В. Муштавинская. – СПб.: Альянс-Дельта, 2003. – 192 с.
3. Халперн Д. Психология критического мышления/ Д. Халперн. – СПб.: Питер, 2000. – 224 с.
4. Пояснения к составлению цифровых образовательных ресурсов АО «НЦПК «Өрлеу» (с использованием программы Hand animation). - Алматы, 2019.

Комутова А.С.

«Белағаш жалпы білім беретін мектебі» КММ

Кадирова А.Ж.

М. Мамыраев атындағы мектеп-интернаты, Қарағанды қ.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, оқыту.

Ахмет Байтұрсынов: «Білім - бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді».

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Кез келген білім ордасының мақсаты мен мұраты алдыңғы қатардағы өркениетті елдердің қатарынан көрінетін, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін сауатты, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін үйретуі керек.

Мектепте оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, функционалды сауаттандыру үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, функционалды жетіліп отырады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы - сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кезкелген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады.

Оқу мен жазу арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мына мәселелерге назар аударылу қажет:

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
2. Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау.
3. Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
4. Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау.
5. Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне жағдай жасау.
7. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

XXI ғасыр - бәсекелестік ғасыры. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр, дара тұлғаның тағдыры ұстаздар қауымына аманат етіп тапсырылып отырғаны анық. Бүгінгі мектептің басты міндеті-өзіндік ой-көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалім мен оқушының бір-біріне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл болуды көздейді. Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлауға бейім, интеллект қабілеті дамыған, өмірде өз орнын таба алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мектеп мұғалімдері үшін жауапты іс.

Әдебиеттер:

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2010ж.

Конради А.В., Грейчуте В.Е.
КГУ «Лицей №2» г. Караганда

АЛЬ-ФАРАБИ И СОВРЕМЕННОСТЬ: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ

Аннотация. В статье рассматриваются современные дискуссии об образовании, свидетельствующие о необходимости переосмысления опыта прошлого и рефлексии. Общие представления о качествах педагога, предметах образования, о сущности, целях, функциях образования, существовавших в общей форме, во все времена, и ярко проявившиеся в трудах великого аль-Фараби.

Ключевые слова: педагог, ученик, метод преподавания, мотивация, знания и навыки, талант, интеллект, связь поколений, аль-Фараби.

В условиях модернизации системы образования одной из самых актуальных задач является теоретико-методологические основы формирования функциональной грамотности обучающихся школы.

Ключевой фигурой в современной системе образования, остается педагог, статус которого существенно изменился. На сегодняшний день он является мотиватором и партнером обучающихся, направляет ученика, мотивирует на самостоятельный поиск знаний, так как всегда учитель был лидером, наставником, воспитателем. В данной статье мы бы хотели сравнить, каким был педагог раньше и какие требования к нему выдвигаются современным обществом в наши дни в условиях обновленного содержания среднего образования в Республике Казахстан.

О проблеме преподавания и воспитания задумывались еще мыслители арабского мира. Известно, что учитель занимал важную роль в получении знаний. Каким образом получал знания ученик в арабском мире? В доисламский период это были практические знания и навыки, необходимые для выживания в суровых условиях кочевой жизни. Главным методом их получения и передачи было домашнее воспитание, подражание взрослым и наставления старших. С приходом ислама, во времена пророка Мухаммада, появляются новые подходы к проблеме знаний. В этот